

## Қазақстан Республикасында Статистикалық есепті табыс ету тәртібін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Бұйрық Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі 2000 жылғы 26 маусым N 44. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 4 желтоқсан N 1320 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Статистика жөніндегі агенттігі төрағасының 2002 жылғы 10 шілдедегі N 72 ~V021947 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 19 қарашадағы N 1180 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында 1999-2005 жылдарға арналған мемлекеттік статистиканы жетілдіру және оның құқықтық негізін одан әрі дамыту бағдарламасына сәйкес,

Бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасында Статистикалық есепті табыс етудің осыған қосылған тәртібі бекітілсін және ол Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің орталық атқарушы органдар мен өзге де орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркелімінде тіркелуде еткен және енгізілген кезден бастап күшіне енгізілсін.

2. Осы Тәртіптің күшіне енуіне байланысты Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Статистика және талдау жөніндегі комитетінің 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 75 V970485 – бұйрығымен бекітіліп, іс-әрекет еткен "Қазақстан Республикасында Занды және жеке тұлғалардың мемлекеттік статистикалық есепті табыс ету тәртібі туралы ереженің" күші осы Тәртіптің күшіне енген кезінен бастап жойылсын.

Төраға

Қазақстан Республикасы Статистика

жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы  
26-маусымдағы N 44 бұйрығымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасында  
статистикалық есепті табыс ету  
Тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіп Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік статистика туралы" Z970098\_ (1997 жылғы 7-мамыр), "Шет елдік инвестициялар туралы" Z949000\_ (1997 жылғы 27-желтоқсан), "Жеке кәсіпкерлік туралы" Z970135\_ (1997 жылғы 19 -маусым), "Шаруа (фермер) қожалығы туралы" Z980214\_ (1998 жылғы 31-наурыз ) заңдарына, Қазақ КСР-нің Экімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (1984 жылғы 22-наурыз) және басқа да заңдық кесімдерге сәйкес өзірленген.

2. Тәртіп мемлекеттік және салалық (ведомстволық) статистикалық байқаулар жүргізген кезде статистикалық есепті табыс ету тәртібін регламенттейді, сондай-ақ статистикалық есеп беру жөнінде ереже бұзушылықтарға жол берген адамдарды әкімшілік және өзге де жауапкершілікке тарту тәртібін бейнелейді.

3. Мемлекеттік және салалық (ведомстволық) статистика органдары статистикалық есепті тек объективті және анық статистикалық ақпарат алу мақсатында ғана жинайды.

4. Бастапқы статистикалық ақпарат мемлекеттік органдардың тараپынан тексеру немесе бақылау мақсатында пайдаланылмауға тиіс.

2. Осы Тәртіpte пайдаланылатын негізгі түсініктер

5. Бастапқы статистикалық ақпарат - белгілі бір есептік бірлік туралы бекітілген статистикалық есеп нысандары бойынша белгіленген тәртіппен берілетін статистикалық мәліметтердің жиынтығы.

6. Статистикалық бақылау - әлеуметтік-экономикалық өмірдің құбылыстары мен процестері туралы деректерді күні бұрын өзірленген бағдарлама бойынша тіркеу жолымен ғылыми әдіспен жинау. Статистикалық бақылау өзінің мазмұны мен есеп беруші бірліктер тобына қарай мемлекеттік және салалық ( ведомстволық) болып бөлінеді.

7. Мемлекеттік статистикалық бақылау республика мен оның аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерін анықтайды,

ведомстволық иелігіне қарамастан есепке алу бірліктеріне тараиды, оны жинауды мемлекеттік статистика органдары іске асырады.

8. Салалық (ведомстволық) статистикалық бақылау статистикалық қызмет атқаратын белгілі бір орталық атқарушы органның міндестін орындауға қажетті жиынтық көрсеткіштерді анықтайды, ведомство бағынысындағы есептік бірліктерге таралады.

9. Статистикалық есеп - мемлекеттік статистикалық байқау нысаны, онда уәкілеттік органдар есеп беретін бірліктерден хабарланатын деректердің дұрыс берілуі үшін жауапты адамдардың қолы қойылған бастапқы статистикалық ақпаратты заңдарда белгіленген тәртіппен алады. Статистикалық есепті беру тәртібі мен мерзімдерін бұзушы әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

10. Есеп беруші бірлік - белгілі бір есептік бірлік үшін статистикалық есеп беруге уәкілеттігі бар бірлік.

Есеп беруші бірлік әдетте есептік бірлікпен сәйкес келеді және кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын заңды тұлға немесе жеке тұлға нысанында көрінеді.

Статистикалық есепті уақтылы және өндірістің тұрған жерінде табыс ету мақсатында есеп беретін заңды тұлға өзінің статистикалық есеп беру жөніндегі өкілеттігін өзінің аумақтық-оқшауланған бөлімшелеріне (филиалдарына, өкілдіктеріне, өзінің өндірістік қызметінің есебін өзінше жүргізетін басқа да бөлімшелеріне) немесе басқа заңды тұлғаға (қармағындағы АЕО-ға, тәуелсіз аудиторлық фирмада) береді.

11. Есептік бірлік - ол туралы бастапқы статистикалық ақпарат табыс етілетін бірлік.

Кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын кәсіпорындар, олардың жергілікті бірліктері мен жеке тұлғалар халықаралық статистикалық стандарттарға сәйкес есептік бірлік болып табылады.

12. Кәсіпорын - өз қызметін бір немесе бірнеше жерде коммерциялық негізде іске асыратын бір немесе бірнеше заңды тұлға.

13. Жергілікті бірлік - белгілі бір шаруашылық дербестігі бар және өзінің өндірістік қызметін есепке алып отыратын кәсіпорын немесе кәсіпорынның аумақтық-оқшауланған бөлімшесі.

### 3. Статистикалық есепті табыс ету тәртібі

14. Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік статистика туралы" Z970098\_Заңына, (1, 3-бап) сәйкес статистикалық есепті табыс ету статистикалық бақылаудың барлық тұрлерімен міндettі болып табылады және өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

15. Мемлекеттік статистикалық есептің әрбір есепті жылға арналған тізбесі

Статистикалық жұмыстың жоспарымен анықталады, ол Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітіледі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмаларын орындау мақсатында жедел тәртіппен мемлекеттік статистикалық есепке жекелеген нысандарды енгізуге жол беріледі. Мұндай нысандар Үкімет бекіткен мерзімдерде жедел тәртіппен өзірленеді және бекітіледі.

16. Статистикалық есепті табыс етудің мерзімдері мен мекен-жайы, сондай-ақ бірліктің шенбері мен түрлері, нысанды бекіту туралы қаулының нөмірі және күні, айы, жылды статистикалық есеп нысанының титулдық бөлімінде көрсетіледі.

17. Аймақтар бойынша статистикалық деректерді жедел түрде алу мақсатында статистикалық есеп есептік бірлік тұрған жерлерде табыс етіледі.

18. Есептік бірліктің толық тізбесі статистикалық тіркелімде болады, оны халықаралық кепілдемеге сәйкес мемлекеттік статистика органдары жүргізеді.

19. Есептік бірлік туралы статистикалық есепті есеп беруші бірлік табыс етеді

20. Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік статистика туралы" Z970098\_ (1, 3-бап), "Жеке кәсіпкерлік туралы" Z970135\_ (24-бап), "Шаруа (фермер) қожалығы туралы" Z980214\_ (18-бап) заңдарына сәйкес жеке кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын жеке тұлғалар статистикалық есепті қарапайым тәртіппен табыс етеді.

21. Статистикалық есептерге олардың дұрыстығы мен табыс ету мерзімін сақтауға жауап беретін уәкілетті адамдар қол қояды.

22. Қала ішіндегі кәсіпорындар үшін - есеп нысанының титулында көрсетілген адресатқа табыс етілген күн, ал өзге қаладағылар үшін - пошта кәсіпорнының мөртабанында көрсетілген жөнелту күні статистикалық есепті табыс ету күні болып саналады.

23. Статистикалық есепті статистикалық нысандарында көрсетілген мерзімдерде табыс етпеу оны табыс ету мерзімінің бұзылуы болып табылады.

24. Статистикалық есепте есептік деректерді дұрыс көрсетпей оларды бүрмалау болып саналады, мейлі бұған лауазымды адамдар өз табыстарын жасыру және басқа да пайдакүнемдік мақсатпен жол берсін, мейлі есеп берулер жөніндегі қолданылып жүрген нұсқаулықтар мен әдістемелік нұсқауларды байқамай бұзы салдарынан жол берсін.

4. Бастапқы статистикалық ақпараттың күпиялышының қамтамасыз ету

25. Статистикалық есепті жинауды жүзеге асыруши уәкілетті органдар:

мәліметтердің таралымы шектеулі деректері бар құжаттармен жұмыс істеу тәртібін өзірлең, бекітеді;

есеп беруші бірліктерден алынған барлық бастапқы статистикалық ақпараттың құпиялышының қамтамасыз етеді.

26. Статистикалық есептің көрсеткіштерін, соның ішінде коммерциялық құпиялыштың құрайтындарын да, есеп беретін бірліктер белгіленген тәртіпке сәйкес табыс етеді.

27. Есеп беретін бірліктер статистикалық ақпаратты мемлекеттік және әскери құпияны сақтауды қамтамасыз ететін тәртіппен табыс етеді.

5. Статистикалық есепті табыс ету тәртібінің бұзылуы туралы істерді (істер жөніндегі өндірісті) қарау тәртібі

28. Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (193-4, ..., 193-7, 237-6 баптары) және басқа заңдық актілерге сәйкес есеп беретін есептік бірліктердің басшылары мен статистикалық есептеріне қол қоятын басқа да лауазымды адамдары статистикалық есепті табыс ету тәртібін бұзғаны үшін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес әкімшілік және өзге де жауапкершілікке тартылады.

29. Мемлекеттік статистикалық есепті табыс ету тәртібінің бұзылу, сондай-ақ оны табыс етпеу фактілері анықталған жағдайда мемлекеттік статистикалық есепті жинайтын органдар әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар ( $N$  1 қосымша) жасайды және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы

іс жөнінде қаулы ( $N$  2 қосымша) шығарады. Хаттамалар мен қаулылар есепке алу журналында ( $N$  3 қосымша) тіркеледі.

30. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер жөніндегі іс жүргізу тәртібі Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексімен және Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерімен анықталады.

Заң қызметі басқармасы  
бастығының орынбасары

Қазақстан Республикасында

Статистикалық есепті табыс  
ету тәртібіне  
N 1 қосымша

---

мемлекеттік статистика органдының атауы

Статистикалық есепті табыс ету тәртібін

бұзу-әкімшілік құқық бұзушылық туралы  
**ХАТТАМА**

"\_\_\_" 200 ж.  
хаттама жасалған орын

---

хаттама жасаған адамның тегі, аты, әкесінің аты, жұмыс орыны  
тексеруде

тәртіп бұзудың нақты құрамы, оның жасалған орыны,

---

кезеңі, уақыты

---

---

Тәртіп бұзушылықтар \_\_\_\_\_

бұзылған нормативтік актілер мен оның тармақтарының нөмірлері

Аталған заң бұзушылыққа жол берген \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы

тәртіп бұзушының жұмыс орыны, тұратын мекен-жайы

Тәртіп бұзушыға Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 261 бабында көзделген оның құқықтары мен міндеттері түсіндірілді.

Тәртіп бұзушының түсніктемесі \_\_\_\_\_

Істі шешуге қажетті өзге де мәліметтер \_\_\_\_\_

" \_\_\_\_ " 2000 ж. сағат \_\_\_\_ де осы хаттама бойынша істің тындалатыны туралы тәртіп бұзушы хабарланған.

хаттама жасаушы адамның лауазымы, қолы, тегі, аты, әкесінің аты,

тәртіп бұзушының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты

Хаттаманың 2-данасын алдым \_\_\_\_\_

Кәсіпорын басшысының немесе құқық бұзған  
қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты, қолы

Ескерту: Егер құқық бұзушы осы хаттамаға қол қоюдан бас тартса, онда бұл жағдай туралы жазылады. Хаттамаға қол қоюдан бас тарту істі одан әрі жүргізуі тоқтатуға негіз бола алмайды. Құқық бұзушы адам хаттаманың

мазмұны жөнінде түсініктеме береді не қарсы пікір айта алады. Сондай-ақ қол қоюдан өзінің бас тартуы дәлелін жазуы мүмкін (бұл құжаттар хаттаманың әрбір данасына қосылады).

Қазақстан Республикасында

Статистикалық есепті табыс  
ету тәртібіне  
N 2 қосымша

---

мемлекеттік статистика органдарының атауы

Статистикалық есепті табыс ету тәртібін

бұзу-әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша  
ҚАУЛЫ

"\_\_\_" 200\_\_ ж. \_\_\_\_\_ қаласы  
қаулы шығарылған жер

Мен,

тегі, аты, әкесінің аты, облыстық (қалалық) статистика органы

басшысының, аудандық, қалалық, статистика органы басшысының лауазымы  
"\_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_" хаттамасын және оған қосылған статистикалық  
есепті табыс ету тәртібін бұзу туралы қосымша материалдарды қарап,  
жұмыс істейтін \_\_\_\_\_

жұмыс орыны, лауазымы

анықтады \_\_\_\_\_

қаралған кезде белгіленген тәртібінің нақты бұзылуы

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін,  
Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік статистика туралы", "Қазақстан  
Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер  
мен толықтырулар енгізу туралы" заңдарын және Қазақстан  
Республикасының басқа да заңдық актілерін басшылыққа ала отырып,

### ҚАУЛЫ ЕТЕДІ

1. Тәртіп бұзғаны \_\_\_\_\_

бұзылған баптың, тармақтың нөмірі, заңдық және

басқа да нормативтік актілердің атауы  
бойынша \_\_\_\_\_

тәртіп бұзушының тегі, аты, әкесінің аты

\_\_\_\_\_ теңге сомасында айыппұл төлеу түріндегі әкімшілік  
жазаға тартылсын.

Айыппұл 15 күн мерзім ішінде төленуге жатады (Әкімшілік құқық  
бұзушылық туралы кодекстің 293 бабы).

лауазымы

тегі, аты, әкесінің аты

М.О.

Қаулыны алдым \_\_\_\_\_  
тәртіп бұзушының тегі, аты, әкесінің аты, қолы

Айыппұл салу туралы бұл қаулыға жоғары түрган органға (жоғары лауазымды адамға) немесе аудандық (қалалық) сотқа қаулыны шығарып және оның көшірмесін айыппұл төлеушінің қолына берген күннен бастап 10 күннің ішінде шағымдануына болады.

Қазақстан Республикасында

Статистикалық есепті табыс  
ету тәртібіне  
N 3 қосымша

Есеп беру тәртібін бұзу-әкімшілік құқық

бұзушылық туралы хаттамалар мен қаулыларды есепке алу  
**ЖУРНАЛЫ**

\_\_\_\_\_  
мемлекеттік статистика органдарының атауы

Рет Хаттама Хатта. Тәртіп. Тәртіп Қаулы Қаулының Төленген сан Н және маны бұзушы. бұзу шығар. мазмұны күні, кіріс нө. оның кім ның тегі, түрі ылған (айыппұл ордері,

мірі жасал. жаса. аты, мекен күні, сомасы) тұбіртегінің  
ған ды -жайы, жұ. нөмірі N және басқа  
күні мыс орыны  
лауазымы

---

1 2 3 4 5 6 7 8

---

---

---

---

Статистика органының басшысы журналды тігеді, мөрмен бекітіп,  
қол қояды.

таблицаның жалғасы

---

Еріксіз өндіріп Ақпараттың  
алу үшін түскен күні  
қаулы қайда, және N  
қашан жіберілді, алынған қарар  
мекен-жайы

---

9 10

---

---

---

Мамандар:  
Омарбекова А.Т.  
Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК